



Жалағаш Жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті аудан тұрғындары,
қадірменді жерлестер!

Тәуелсіздік жылдары өмірімізге енген маңызды мереке – Алғыс айту күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – құтты қоныс, қасиетті мекенімізді маңдай терімен түлеткен текті елге тағзым етіп, алғыс білдіретін күн. Бүгінгі мерекеде аудан экономикасы мен мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосып, туған жерді көркейтп, ақ күршітен тау тұрғызаң, төрт түліктен мыңды өргізген, кәсібін деңгелентіп, берекелі тірлік кешіп жатқан аудан тұрғындарына шынайы алғысымызды білдіремін.

Қазақ халқы ерте заманнан ұрпағын үлкенді құрметтеуге, үлкеннен бата алып, алғысын алуға тәрбиеленген. «Алтын алма, алғыс ал алғыспен ер көгерер» деген тәрбиелік мәні бар сөздер осыдан туса көрек.

Басынан қаншама қасіретті жылдарды өткізіп, тағдыр төлкегінен аман қалған, бүгінгі таңда тату-тәтті құмыр кешіп, ынтымақ пен бірлікті бәрінен жоғары қойған халқымызға айтар алғысымыз шексіз!

Қазақтың даласы қандай кең болса, жүрегі мен пейілі де сондай дархан. Ежелден халқымыздың жақына да, жатқа да достық құшағы ердайым ашық, қонақжай төрі дайын тұрады. Бабаларымыздан «Жақсыда жаттық жоқ» деген мағыналы өсиет қалған.

Құрметті, жерлестер!

Көктеммен бірге келген тамаша мереке жақсылығымен келсін! Әрқашан бір-бірімізге деген шынайы алғысымызды білдіріп, табысымызға қуанып, қуанышымыз бен жақсылығымызды бөлісіп, жүрек жылуын сыйлап жүрейік!

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі

1 наурыз – Алғыс айту күні

Ынтымақ пен бірлік бәрінен маңызды

2019 ЖЫЛДЫҢ ҚЫСЫ, ОБЛЫСТЫҢ БАС ШАҒАРЫНДАҒЫ КӨШЕЛЕРДІҢ БІРІН БОЙЛАП КЕЛЕМІН. КЕНЕТ ҚАРСЫ БЕТТЕГІ АРҚАСЫНДА АСЫНҒАН ЖҮГІ БАР ЖЕТПІСКЕ ТАЯҒАН ӘЖЕЙ КӨЗГЕ ТҮСТІ. ДЕРЕУ БАРЫП, СӘЛЕМ БЕРІП, ИҮГІНДАҒЫ ЖҮГІН АЛЫП, БАРАТЫН ЖЕРІНЕ ДЕЙІН ЖЕТКІЗІП БЕРУГЕ БЕЛ БУДЫМ. ЖОЛАЙ ӘЖЕМДІ ӘҢГІМЕГЕ ТАРТТЫМ, БАҚСАМ, ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН ДӘМХАНАЛАРДАН ШЫҚҚАН БОС ҚҰТЫЛАРДЫ ӨТКІЗІП КҮНЕЛТІП ЖҮР ЕКЕН.



Әжемнің жүгін иығма артып 20-30 метр жүргенім сол еді, сол көшенің бойында демалып отырғандар, көліктегі кісілер қаумалай кетті. Барлығы 2-3 мыңдап оған қаржылай көмек берді. Бірі-жарымы маған да алғыс жаудырып жатыр. Ал мен олардың алғысына емес, жұрттың назарын қарт кісіге аударғаныма мәзбін.

Ие, жалпы жақсылық жасауда әлемде қазақтың алдына ешқандай ұлт түскен емес. Мен осы бір ғана сөттен «әлі де оның ауылы алыс-ау» деген ой түйдім. Шынында, қиын-қыстау шақта панысызға пана, қорғанысызға қорған болған текті қазақтың бойында жақсылық жасауға деген құштарлық әлі де басым.

Бізде Алғыс айту күні мерекесі белгіленгенде оған күле қарайтындар көбейді. Ал мен оның көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келуінің өзін жақсылыққа жорыдым. Біз әрбір сәтті жақсылыққа жорымыз, үміт күтеміз, сөйте тұра кейбір маңызды шешімдерге аса мән бермейтініміз тағы бар. Шынығында, Алғыс айту күні – айтулы мерекелердің бірі.

Тарихқа көз салсақ, қазақ жұртының кімге қайыры болмады дейсіз, қиын-қыстау шақта өзге ұлт өкілдерін жатырқамай бауырына басты. Әлгі тұтқындар адамдарға балалары арқылы құрға жаудырып да ауылдағы қарапайым қазақтар еді. Жалпы түйенің, қазақ жұрты аштықта да, тоқтықта да

бойындағы біреуге жақсылық жасауға дайын тұратын асыл қасиетін жоғалтпапты. Қонақжай жұрт жақында ала-қиялы ағайындардың «досың қазақтан болсын» деуінің өзінде үлкен мән жатыр.

Жәй бір-екі мысалдың басын шолдық, бұған қарап «бұл мереке Қазақстандағы өзге ұлт өкілдерінің қазақтарға алғыс айтатын күні екен» деп қалмаңыз. Асылы, «алғыс алу да, алғыс айту да өмірді ұзартатын» деген тәмсіл бар. Тіпті бұл тұжырымға жапон жұрты ғылыммен дәлел келтіріп жатады. Ал осындай жақсылыққа бастайтын, үндейтін игі істен бойымызда әлгіндегі қасиет таси тұра неге біз жеруіміз көрек.

Көше бір жақын жолдасымның сөзі маған үлкен ой салды. «Осы біз бәріне жеңіл қараймыз, астарына үйлмейміз, домбыра күні деп еді, ол да кейбірімізге қолабайлау көрінді. Алғыс айту күні деп еді, арамыздан жатып алып миығын күлгендер де табылды. Әріге бармай-ақ қоялық, осы екі мерекенің қандай әбестігі бар? Бірі ұлттық аспабынды дәріптеуге жол ашады. Енді бірі – тұнып тұрған игі амал. Біреудің алғысын алуға үндейтін бастаманың несі айып?» дейді әлгі досым.

Ал айтқанын мақұлдамай көріңіз, шындығында оның айтып отырғанын қалай құптамайсыз? Өзі басқа күндері де айналасынан көмегін аямайтын адам ғой. Ал көктемнің алғашқы күні

жұртқа жақсылық жасауды еселейді екен. Тіпті мұны әлгі мереке бекітілгені дәстүрге айналдырған.

Бұдан түйенім, барлығы біздің ой-түйсімімізге тікелей байланысты екен. Әлгі жігіт көз келген дүниеден жақсылықты бөліп алып, көз келген жағдайдан тек жақсы сабақ алады. Ал бәріміз мұндай түсінікте болсақ, келешекке тек жақсылықты, ізгілікті дәріптер едік.

«Елімізде арнайы мереке болып кеше бекітілді» демесеңіз, бұл тұжырымның тарихы әрде жатыр. Тіпті өлемнің көптеген елінде бұл мереке бұрыннан бар. Мәселен, Америкада Алғыс айту күні дәстүрлі отбасы күні болып саналады. Біраздан бері бас қоспаған отбасы мүшелері дастарқан басында жиналып, күретауық етін жейді екен. Ал Канадада бұл мереке 1578 жылы Мартин Фробишердің Ньюфаундлендке көшіп келуімен байланысты. Яғни канадалықтар арғы аталарының Атлант мұхитын сәтті асып өтуін осы күнмен байланыстырады. Вьетнамда және Қытайда бұл атаулы күні жергілікті халық аңыз бойынша жерге жауын жіберіп, мол астық берген айдаһарға алғыс айтады. Беларусь елінде бұл мереке қалалар мен ауыл-аймақтарда үлкен қарқынмен өтеді. Халық Жер анаға мол егін бергені үшін алғысын жаудыратын болған. Ал Жапонияда бұл – жыл сайыны «еңбек күні». Олар

еңбек күні жұмыс берушілерге өздерін жұмыспен қамтамасыз еткені үшін алғыс айтады. Германияда алғыс айту мейрамын қазан айының алғашқы жексенбі күні егін алқабында тойлайды. Израиль халқы да Суккот мерекесі – алғыс айту күнін 3 мың жылдан бері тойлап келеді. Шөл далада ауырмай-сырмамай, аман-сау өмір сүретініне тағдырға алғыс айтады. Корея елінде алғыс айту шарасы 15 тамызға қарай «Чусок» деген атаумен мерекеленеді. Әлем елдерінде бар айтулы мереке бізде де көктемнің алғашқы күнімен бекітілді.

Жақсы сөз – жарым ырыс, жақсылықтың ерте-кеші жоқ, жақсылық бар жерде тапшылық болмайды, жігіттің жақсылығын жұрты айтар, жақсылық екен алғыс жияды. Тізе берсек, жақсылық жайында мұндай тәмсіл сөздер жетіп артылады. Осындай мағыналы сөзге бай қазақ жұртының тула бой да асыл қасиеттен көнде емес. Рас қой, «жақсылық егіп, алғыс жиган» елдің ұрпағының бұл мерекені атап өтуі орынды.

Біз қай кезде де, қай істе де елдің алғысын бәрінен білік қойдық. Алғыс алуды абырой деп білдік және жасаған жақсылығымыздың өтеуіне алғысты бәрінен бағалы деп білдік. Міне, қазақ жұрты үшін алғысқан қаншалықты қымбат екенін осыдан-ақ ұғыға болады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды қасиетті рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Рамазан айы мұбарак болсын, Алла Тағала қасиетті айда тілеген ниетімізді, дұға-тілектерімізді қабыл етсін! Рамазан – мұсылмандар қауымы үшін берекелі де қасиетті ай, рухани жаңару айы болып саналады.

Ежелден келе жатқан дәстүріміз бойынша қасиетті рамазан айы кірсімен ата-бабаларымыз бірін-бірі құттықтап, жүрежарды ыстық лебіздерін білдіретін болған. Осы айда адамзат баласын тура жолға, білім мен бейбітшілікке үндеген қасиетті Құранның алғашқы аяттары түскен.

Рамазан айын қазақ халқы да ерекше қадірлеп, асыға күтіп алады. Қасиетті рамазан – жақсылықтар айы. Бұл айда әрбір мұсылман әлсіздер мен әлеуметтік жағынан осал топтарға риясыз көмек беріп, жан дүниесі рухани тазарып, демалады. Осы ретте «Айлардың сұлтаны – Рамазан» деп бекер айтылмаса керек. Сауабы мол қасиетті айдың әрбір күнін, әрбір сәтін бос жібермей игі амалдармен өткізсек, қасиетті рамазан айының мән-маңызы арта түседі.

Сіздерді рамазан айының кіруімен құттықтай отырып, оразаларыңыз қабыл болсын, қасиетті айдағы әрбір игі істеріміздің сауабы еселеп қайтсын демекпін! Елімізде тыныштық, өлемде баянды бейбітшілік орнап, Жаратқан иеміз халқымызды жамандықтан сақтап, оразадан-оразаға аман-есен жетуді нәсіп етсін!

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі

Рамазан – рухтың тазалығы

Адамзатқа тура жолдың нұрын төккен Алланың ұлы сөздері «Құран Кәрім түскен қасиетті Рамазан айы сағындырып, қуандырып бізге жетті. Он бір ай бойы шөлдеп, шаршаған рухымызға азық, нәсімімізге тыно болатын тәрбие айын әрбір мұсылман асыға күтуде. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Ей, иман келтіргендер! Тақуалықтан үміттерің болса, өздеріңнен бұрынғыларға ораза парыз етілгені сияқты сендерге де ораза ұстау парыз етілді» («Бақара», 183- аят) дейді.

Рамазан айы Алла Тағаланың алдында ең жақсы, ең сүйікті ай болып саналады. Өйткені бұл айда жәннаттың есіктері ашылып, тозақ есіктері жабылады, шайтандар кісенделеді. Рамазан айында ораза ұстау нұжра жыл санауымен екінші жылдың шабаң айында парыз болды. Пайғамбарымыз Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тура жолды нұсқаушы, ақ пен қараны ажыратушы, жолбасшы ретінде Құран түсіріле бастаған. Осы айда ораза ұстау парыз етілді. Әрбір ақыл-есі бүтін, балиғатқа жеткен мұсылман ер-ейпете ораза ұстау – парыз.

Ораза деп ниет ету шартымен таң рауандаудың алдынан күн батқанға дейін ішіп-жеу, жыныстық қатынастан тыйылуы айтады. Ораза тұтқан адам өзін-өзі тек ішіп-жеуден жыныстық қатынастан ғана шектеп қоймай, оразаның Алла тарапынан елеулі бір өмір екенін ұғынып, сауабынан үміт ете отырып, бұрынғы өткен барлық күнәларының көшірініп, тілек дұғаларының қабыл болатындығына сеніммен көз жеткізіп, көңілін бекітуі керек. Бұл туралы Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «Ораза – тілектің қабыл болуына себепші болады. Ауызашардағы тілек кері қайтарылмайды. Ораза – тозақтан қорғайтын қалқан. Ораза ұстаушылар жәннатқа «Райхан» атты арнаулы қақпадан кіреді. Әр нәрсенің өзін тең тазалығы бар, рухтың тазалығы – ораза. Ораза – сабырдың жартысы», – дейді.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ

Айзан Шәріпова, аудан тұрғыны:

Қазақтың салт-дәстүрін ерекше құрметтеймін

Бүгінде ауданда «тілі басқа болса да тілегі бір, жүзі басқа болса да, жүрегі бір» 14 ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүреді. Серитхановтар әулетінің қарашаңырағына барғанымызда әріптесім екеуімізді жүзі жылы ана қарсы алды. Өзін осы үйдің отанасымын деп таныстарған Айзан Шәріпова бізге төрін ұсынды.

Аман-саулық сұрасып, әріптесім екеуіміз аудандық басылымнан келгенімізді айтқанымыз сол еді. Айзан алай қонақ белмеде тұрған газеттерді көрсетіп, әр санын отағасы екеуі жібермей оқитынын, аудан тынысынан біздің басылым арқылы хабардар екенін жеткізді. Біз де 90 жылдық тарихы бар газетіміздің әр санын асыға күтетін тұрақты оқырмандарымызбен қауышқанымызға қуанып, қойым дәптерімізді алып, кейіпкерлерімізді әңгіме тарттық.

Айзан алай қазақтың тілін ғана емес, салт-дәстүрін де жақсы біледі. Ол қазақ елінде тұрып, қазақтың әдет-ғұрпын, ұлттық тағамдарын білмеу ұят деп санайды. Кейіпкеріміз қазақтың қуанышты жағдайда жасалатын жоралғыларының бірі – «шашу шашқандық» ұнататынын жеткізді. Сұхбат барысында «Әрбір үйде шашу шашар қуаныш көп болсын» деген ақ тілегін жаудырды. Сондай-ақ Айзан алай қазақтың ұлттық тағамдарын да дәмді әзірлеп, сүйсініп жейді. Сондықтан үйінде үнемі бауырсақ



пісіреді екен. Айтуынша, ол қолы қалт етсе, бар уақытын ас үйге арнайды. Оның ең ерекше ұнататын тағамы – наурыз көже. Сол себепті ол Ұлыстың ауы күні – Наурыз мерекесін асыға күтеді.

Ал отағасы Осман Серитханов – кент тұрғыны. Ата-анасы 1944 жылы Жалағашқа қоныс аударған. Әкесі ұят әдет-ғұрпын, ұлттық тағамдарын білмеу ұят деп санайды. Кейіпкеріміз қазақтың қуанышты жағдайда жасалатын жоралғыларының бірі – «шашу шашқандық» ұнататынын жеткізді. Сұхбат барысында «Әрбір үйде шашу шашар қуаныш көп болсын» деген ақ тілегін жаудырды. Сондай-ақ Айзан алай қазақтың ұлттық тағамдарын да дәмді әзірлеп, сүйсініп жейді. Сондықтан үйінде үнемі бауырсақ

ортасында отырмыз. Араласатын дос-жарандардың, көршілеріміздің бәрі – қазақ отбасылары. Осы көшеде тұрып жатқанымызға 60 жылдай уақыт болды. Көршілерімізбен тату-тәттіміз. Өзге ұлт деп жатсынбай, қандай мереке немесе той болсын бір-бірімізді құттықтап, бірге атап өтеміз, – дейді отағасы Осман ағай.

Ол сұхбат барысында көршілерінің ұйымшыл екенін де айтып қалды. Сөзінше, Наурыз мерекесінде көшеде тұрғындар ұлттық ойындарды ұлықтап, мерекені жоғары деңгейде тойлайды.

Ал отанасы Айзан Шәріпова – Бұқарбай батыр ауылының тумасы. Отау құрғандарына 41 жыл толған ағам өмірден озды. Қалған 5-өуіміз осы Жалағашта өз отбасымызды құрып, бала-шағамыз бен немерелеріміздің

қызмет етуде. Үлкен қызы мен кіші қызы Кавказда жұмыс жасаса, ұлдары ауданда күріш тасу ісімен айналысады.

Олар – ауданның дамуына елеулі үлес қосқан қарапайым еңбек адамдары. Осман ағай бірнеше жыл көлік жүргізуші болып қызмет етіп, еңбек демалысына шыққан. Ал Айзан аялымыз – педагог. Кезінде балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істеп, қазір ауданда өтетін шараларға белсене атсалысып келеді.

«Ұлттың басқа болса да, жүрегіміз – қазақ» деген шешен ұлтының азаматы Осман Серитханов қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін ерекше құрметтейтін жеткізіп, қазақ еліне өз ризашылығын білдірді.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Құрылыс қарқын алған

Апта басында аудандық мәслихаттың кезекті 29-шы сессиясы өтті. Сессия отырысын мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов жүргізіп, өзекті мәселелер қаралды. Соңғы жылдары шежірелі Сыр елінде құрылыс жұмыстары қарқын алды. Әріге кетпей-ақ ауданда былтыр атқарылған ауқымды жобаларды сараласақ, құрылыс қарқын алғанын аңғарамыз. Оны күнделікті өзіміз де көріп жүрміз. Жыл сайын халықтың қажеттілігін өтейтін нысандар бой көтеріп, аудан ажарын айшықтауда.



Жиында ең алдымен ауданда жүргізілген құрылыс жұмыстарының жай-күйі мен алдағы міндеттер пысықталды. Мемлекет тарапынан әлеуметтік осал топтағы азаматтардың тұрғын үймен қамтамасыз ету шаралары белгіленген. Осы мақсатта ауданда 2023 жылы 51 тұрғын үй сатып алына, былтыр осы топтағы азаматтар үшін 5 тұрғын үй сатып алу үшін ел қазынасынан 63 557,2 мың теңге қаралған. Бұдан бөлек жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрған азаматтарға үй табыстау мақсатында облыстық бюджеттен 1 565 834,3 мың теңге 106 пәтер сатып алған. Өткен жылы 1 629 391,5 мың теңге 111 пәтер алынды. Қазіргі таңда сатып алынған тұрғын үйлердің ағаш қоршаулары темір қоршауларға ауыстырылып, тұрғын үйге кіреберіс жерлерге тас төсеу жұмыстары жүргізілуде.

– Ауданға қарасты елді мекендер көшелері мен жерлеріне көрнекі жарнама тақталарын орнатушы

жеке кәсіпкерлер бөлімге өтініш беріп рұқсат алуы тиіс. Былтыр жарнама орналастырған 19 меншік иелеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Оның ішінде 3 жарнама нысанының меншік иелері тиісті хабарламаларын ұсынып, рұқсат алды және 6 жарнама нысанының меншік иелеріне ескерте беріліп, жарнамалары алынды. Заңдас-тырылмаған жарнама нысандары туралы мәлімет аудандық кірістер басқармасына жолданды, – дейді аудандық құрылыс, саулет және қала құрылысы бөлімі басшысының орынбасары, – Нұрлан Бейімбет.

Былтыр Ұлттық қор мен облыстық бюджеттен 922 033 мың теңге бөлініп, Мырзабай ахуң, Есет батыр, Т.Жүргенов елді мекендерінің тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы жүргізілді. Бүгінде халық оның игілігін көруде. Көктемге 2022 жылы салынып жатқан дене шынықтыру-сауықтыру кешені сол жылдың қыркүйек айында ел

игілігіне табысталуы тиіс болатын. Бас мердігер мекеме – «SCS-Инжиниринг» ЖШС. Қазір негізгі құрылыс жұмыстары толығымен біткенімен бірқатар кемшілік анықталып, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Айта кетейік, 2017 жылы кенттің оңтүстік батыс беткейіне «Ақтөрек» 170 гектар жер учаскесіне түбегейлі жоспарлау жобасы жасалып, қоныстану аймағы белгіленген. Ал 2023 жылы жер учаскесіне газ, электр, ауызсу желілері жүргізіліп, су ұңғымалары, су жинау, тарату кешені салынған.

Аудан бойынша 5 ауызсу нысаны Аққум, Мәдениет елді мекендеріндегі ауыз су желілерін кеңейту, су пайдаланушылардың шекарасына дейін жеткізу жобасы, Жаңақоныс елді мекеніндегі су құбыры, «Ақтөрек» учаскесіндегі ауызсу желісі мен ауызсу кешені, Республикалық су ресурстары және ирригация министрлігінің қайта құрылымдануына байланысты республикалық меншікке алынбаған.

Толық құжаттары облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына өткізіліп, тиісті министрліктің келісімі күтілуде. Дегенмен Аққум және Мәдениет елді мекендеріндегі ауызсу желілері халықты ауызсумен қамту мақсатында пайдалануда. Ал биыл аталған бөлім арқылы аудандық бюджеттен 100 мың теңгеден бөлінген қаржыға Есет батыр елді мекенінің ауызсу жүйесін қайта жаңғырту, Жалағаш кенті емдеу мекемелерінің көздік құрылыстарын салу жобалары бойынша мердігерлер анықталып, республикалық бюджеттен қаржысы күтілуде. Аққыр елді мекенінде «Қазақстан халқына» қоры арқылы 172 млн теңгеге салынып жатқан жедел тұрғызылатын ангар типтегі спорт кешенінің құрылысы нағыз айында ел игілігіне табысталамақ. Сонымен қатар шалғай ауылдағы дене шынықтыру алаңы құрылысына мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп, мердігер мекеме де анықталған.

Мұнан кейін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаев қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөнінде былтыр атқарылған жұмыстарды тілге тиек етті.

Аудан бойынша жаза өтеу орындарынан босатылған және аудандық пробация қызметінде есепте тұрған азаматтардың саны – 54, оның ішінде 48 пробация қызметінде және 6 полиция бөлімінде есепке алынған. Тарқатып айтсақ, 8-і шартты жазаға сотталған, 35-і бас бостандығынан шектеу жазасына сотталған, 4-еуі белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдануға тыйым салынған 2-еуі ақысыз қоғамдық жұмысқа тартылған, 6-ауы мерзімінен бұрын шартты түрде босатылып келген. Олардың 30-ы кент тұрғыны болса, 24-і ауылдық елді мекендер үлесінде. Түзету мекемелерінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарға мәдени-спорттық шараларды өзара бірлесіп өткізу арқылы олардың сана сезімін қоғамдық ортадағы жүріс-тұрысын және тәрбиесін өзгертуге ықпал ету мақсатында бірқатар жұмыс атқарылған.

Мәселен аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің ұйымдастыруымен тамыз-қазан айында аудандық жабық бассейнде пробация қызметінде есепте тұрғандар арасында суға жүзуден жарыс өткен. Оған 27 адам қатысып, жүлдегерлер марапатталды. Былтыр «Мансап» орталығына «жұмыс іздеуші» ретінде 28 адам тіркеліп, 17-сі тұрақты жұмысқа орналасты. Қоғамдық жұмысқа 8 адам, жастар практикасына 1 адам, «Күміс жас» жобасына 1 адам, және 1 адам 3 айлық кәсіптік оқуға жолданды. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру мақсатында бос жұмыс орындары

бойынша 4 жәрмеңке өткізілді.

Сонымен қатар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарға біржолғы әлеуметтік көмек беру мақсатында 2024-2026 қаржы жылдары арналған жергілікті бюджетті қалыптастыру барысында 15 айлық есептік көрсеткіш көлемінде 3 адамға 166,2 мың теңге қаражат жергілікті бюджеттен төленген. «Мектепке жол» акциясы аясында пробация есебінде тұрған 5 сотталушының 11 баласы 98 мың теңге көлемінде оқу процессіне қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

– 2025 жылға аудандық бюджеттен 1 млн теңге қаралып отыр. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Сонымен қатар «Мансап» орталығы арқылы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжіне «ветеринар-санитар» мамандығы бойынша 2024 жылы қазан айынан бастап 1 адам 3 айлық кәсіптік оқуға жолданып, оқу аяқталғаннан кейін Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылдық округіне қарасты ЖК «Нақшораеваға» мамандығы бойынша тұрақты жұмысқа орналасты, – деді Қанат Шамшатұлы.

Мұнан бөлек аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі басшысының орынбасары Бабаназар Байболов аудандық жер комиссиясының лауазымдық құрамы мен аудандық жер комиссиясы туралы ережені бекітуге ұсыныс білдірді. Кезекті сессияның күн тәртібіне ұсынылған мәселелер толығымен қаралып, депутаттар тарапынан бекітуге келісім берілді.

Жылы соңында аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов бүгінгі мәслихаттың кезекті сессиясында қаралған мәселелердің маңыздылығына тоқталып, ауданда атқарылған жұмыстарды және алдағы міндеттер мен жобаларға тоқталды. Мәслихат депутаттарын аудан бюджетінің өз кірістерін көтеруге атсалысуға шақырды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Кеңес

Елді мекендерде қауіп жоқ, ахуал тұрақты

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұлов осылай деді

Сырдария өзенінің 84,5 шақырым Жалағаш ауданы бойлай өтеді. Оның бойында барлығы 96,5 шақырым қорғаныс бөгеті орналасқан. Оның ішінде оң жағалауында – 56, сол жағалауында – 40,5 шақырым. Сонымен қатар Қараөзек арнасының 48 шақырымы өтіп, онда 8,3 шақырым қорғаныс бөгеттері орналасқан. «Аманат» партиясы аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының отырысында аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұлов осылай деді. Көктемгі су тасқыны жағдайына дайындық жұмыстары және техникалық құралдардың жай-күйі пысықталған жиында комиссия мүшелерінің де бірқатар сауалы жауапсыз қалмады.



Еркін Есетұлының сөзіне сенсек, қорғаныс бөгеттері Жалағаш кентінің Дәуімбай учаскесі, Ақсу, Мөрәлі Шәменов, Таң және Қаракеткен ауылдық округіне қарасты Далдабай елді мекендерін мол судан қорғау үшін салынған. Осы қорғаныс бөгеттері зерттеліп, қыс айларында мұз кептелісі орын алатын 13 учаскеге белгіленген. Атап айтқанда, Мұса қайыры, Байбыхан, Әшірман түбегі, Ақшығанақ, Сырдария өзеніндегі автокөлік көпірі, Ақтөрек, Түрнібет, Қараирип, Ошағанды, Тары Арық, Семит-арна, Қосбөгет, Шөмен қайыры.

Айта кетейік, су басу аймағында шамамен 70 мың гектар жер бар, оның ішінде 5300 гектар ауыл шаруашылығы жерлері, 100 шақырым электр және байланыс желілері, 50 шақырым темір жол, 50 шақырым автокөлік жолдары орналасқан. Су басу қаупі бар учаскелерден тұрғындарды көшіру үшін 4 эвакуациялық жинақтау, 10 эвакуациялық қабылдау бекетінің орны бекітілген.

– Жалағаш ауданы аумағында «2024-2025 жылдардың қыс-көктем кезеңдерінде Сырдария өзенімен келетін мол суды қауіпсіз өткізуге дайындық жұмыстарын жүзеге асыруға арналған іс-шаралар жоспары» бекітілді. Сырдария өзенімен мол су, сең жүруіне байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында былтыр 21 қазанда өзен бойында кезекшілік кестесі бекітілді. Сырдария өзені бойындағы су алу қаупі туындағанда (Ақсу, Жалағаш кентінің Дәуімбай учаскесі, М.Шәменов, Қаракеткен Далдабай елді мекені және Таң ауылдық округтері) бірінші кезекте жұмылдырылатын 12 ЖШС мен ШҚ-дан 30 техника нақтыланған. Биыл 6 ақпанда «Көктем-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу өткізілді. Оған 244 адам, 61 техника жұмылдырылып, аудандық азаматтық

қорғау қызметтері, ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар және авариялық-құтқару қызметтері күш-құралдарының дайындығы пысықталып, саптық қарау өткізілді. Сонымен қатар Жалағаш ауданы, Ақсу ауылындағы Сырдария өзенінде сең жүру кезінде мұз кептелісі асерінен дария деңгейі көтеріліп, Ақсу ауылы су басу қаупі төнуіне байланысты практикалық оқу-жаттығу өткізілді, – деді бөлім басшысы.

Еркін Есетұлы ауданның материалдық-техникалық қоры да жеткілікті екенін айтады. Сөзінше, төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюға аудан бюджетінің шұғыл шығындар резервіне биылға 41 млн 225 мың теңге қаралған. Нәтижесінде 8 мың қап, 900 литр бензин, 3,2 тонна дизель отыны, мың бау қамыс, 1200 қада, мың сабан пресс, азық-түлік және басқа да қажетті қорларды қамтамасыз ету мақсатында жеке кәсіпкерлермен келісім-шарт жасалған.

Төтенше жағдай туындағанда тұрғындарды құлақтандыру үшін аудан бойынша 6 құлақтандыру қондырғысы орналасқан. Атап айтқанда, Жалағаш кентінде 3 сирена (Қазақтөлем, аудандық емхана мекемесінде, №202 орта мектебі) және ауылдық округтер бойынша 3 құлақтандыру жүйесі (Таң ауылдық округіндегі №118 орта мектеп, М.Шәменов ауылдық округіндегі Мәдениет үйі, Қаракеткен ауылдық округінің Далдабай елді мекеніндегі ауызсу гимараты) жұмыс атқаруда. Сонымен қатар БАО-600 құлақтандыру құрылғысы кент және барлық елді мекендерге орнатылған.

Биыл 27 ақпанда аудан әкімінің төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезекті отырысы өткен болатын. Онда қаралған 4 мәселенің біреуі қыс-көктем мезгіліндегі су тасқынының алдын алу шаралары туралы

тақырыпқа негізделген. Спикер онда да бірқатар мәселе пысықталғанын айтады.

Аудандағы су қауіптілігі қатты сезілетін аймақтарда 1072 үй, 5367 халық тұрады. Олардың иелігінде 22 628 төрт түлік бар. Мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың су басу аймағына жақын орналасуына, яғни жер телімін қауіпті аймақтардан бермеу бойынша аудан әкіміне ұсыныс жолданды.

– Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, №11 өрт сөндіру бөлімі, аудандық полиция бөлімі, жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері және еріктілермен бірлесіп, Сырдария өзені жағалауында орналасқан шаруа қожалықтар мен тұрғындарға малдарын және т.б заттарын қауіпсіз аймаққа көшіру үшін шаруа қожалықтың басшыларына және азаматтарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ескерту хаттары таратылды. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің ұйымдастыруымен 20 мектептің 1985 оқушысы мен 86 мұғалімнің қатысуымен судығы (мұздағы) қауіпсіздіктің алдын алу мақсатында қыс-көктемгі су тасқынынан туындаған төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, 1985 ұнпарақ таратылды. Жергілікті «Жалағаш жаршысы» газетіне су тасқынының алдын алу мақсатында 8 мақала жарияланды және 2 рет «Қызылорда ТВ» телеарнасынан «Су тасқынының алдын алу шаралары» тақырыбында бейнесокет көрсетілді. Облыстық ТЖД және аудан әкімдігінің әлеуметтік желілеріне 22 бейнеролик пен мақала шығарылды. Сонымен қатар «Маржан-202» ЖШС автобекетінің дауысзорайтқышы арқылы хабарламалар оқылып, әлеуметтік желілеріне мақалалар шығарылды, – дейді Еркін Назарқұлов.

Бөлім басшысы «Жалағашуар» ӨУ бөлімінің өзендегі судың деңгейі мен ауа райы туралы ақпараттар күнделікті алынып, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, Сырдария өзеніне мониторинг жұмыстары күнделікті дронмен жүргізіліп жатқанын айтады. Қорытындысы ТЖАБ және ТЖД кезекшісіне күнделікті жолданды.

Биыл 24 ақпан сағат 14.00-де сең Жалағаш ауданының территориясына кіріп, 27 ақпанда 18.00-де өзеннің аудан аумағындағы бөлігі толық мұздан тазартылған. Сондықтан сала басшысы 2024-2025 жылдардағы су тасқыны қауіпті кезеңінде су басу оқиғалары тіркелмегенін айтады. Яғни елді мекендерге қауіп жоқ, ахуал тұрақты.

Көктемгі су тасқыны жағдайына дайындық жұмыстары пысықталған кесте бірқатар сауалдың түйіні тарқатылды. Сондай-ақ алдағы уақытта партиялық бақылау комиссиясы құрамымен аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бірлесіп мониторинг жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

Қар еріп, өздер тасып кетуі мүмкін, су деңгейін бақылау, бөгеттерді тазалау, эвакуация жоспарын жасау және құтқару қызметтерінің дайындығы деңгейін тексеру маңызды. Халықты қауіпті жағдайлар туралы ескерту және қауіпсіздік шараларын түсіндіру, сондай-ақ қажетті материалдық-техникалық ресурстарды даярлау су тасқынының зардаптарын азайтуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстардың мақсаты – адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, мүлік пен инфрақұрылымның бұзылуын алдын алу. Осы ретте салғырттыққа жол берілмеу керек. Сонда ғана мәселенің алдын алуға негізделген барлық жоспар жемісті болмақ. Осы ретте комиссия мүшелері де бірлесіп жұмыс жасайтындарын жеткізді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағаш кентінде орналасқан спорт нысандарын аралап, жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмалар берді. Алдымен Ардақ Әбдіғәппарұлы дене шынықтыру-сауықтыру кешеніндегі құрылыс жұмыстарымен танысып, ішкі жылууды күшейту және жаңа нысанның құрылыс сапасының жоғары болуын назардан шығармау қажеттігін қатаң ескертті.

Спорт нысандарының жұмысымен танысты



Сондай-ақ ол жауапты азаматтарға Ел Президентінің тапсырмасына сәйкес олимпиадалық спорт түрлерін ауданда дамытуға ерекше көңіл бөлу қажеттігін атап өтті. Бұл мақсатта №13 олимпиадалық резервті мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі мен «Нарексен» спорт клубының жұмыс барысымен танысты.

Спорттық үйірге қатысушылар санын арттыру мақсатында алдымен мекемені күтіп-ұстау жұмыстарын жандандыру, сонымен қатар спорттық жабдықтарды жанарту қажеттігі айтылды. Осыған дейін аудан спортшылары әлемдік және Азия чемпионаттары мен облыстық жарыстарда түрлі деңгейдегі 224 медаль жеңіп, жоғары жетістіктерге қол жеткізген.

Бүгінгі таңда 14 мыңнан аса аудан тұрғыны бұқаралық спортпен тұрақты айналысады. Бұл жалпы тұрғындардың 40,5 пайызын құрайды.

Ауыл жастарын спортпен шұғылдануға жағдай жасау үшін «Қазақстан халқына» қоры арқылы Аққыр елді мекенінде жалпы құны 175 млн теңгені құрайтын спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Жақын арада бұл нысан да ел игілігіне беріледі.

«ЖОҚ» ақпарат



Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Шынжыров Бауржан Серікұлының 2025-2029 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Шынжыров Бауржан Серікұлы 1989 жылдың 24 тамызында Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылында дүниеге келді.

Еңбек жолында 2012 жылдың тамызы айынан бастап 2012 жылдың желтоқсан айына дейін Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімінде жастар практикасынан өтті.

2013 жылы 13 қаңтардан бастап 2013 жылдың 30 қазанына дейін «Аққыр ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде уақытша іс-жүргізуші болып қызмет атқарды.

2016 жылдың 3 қаңтарынан бастап «Аққыр ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман қызметін атқарып келемін.

Сайлауалды бағдарламасы

Әр адам өмірінің жаңа белесінде алдына мақсат-міндеттер қояды. Дәл сол секілді мен де ауыл өкіміне үміткер болар алдында алдыма үлкен мақсат қойдым. Себебі бұл да мен үшін өмірімдегі жаңа белес болып табылады. Бұл жолғы

мақсат-міндеттерімнің ауқымы да жоғары болды. Себебі оның бәрі тек өмірім үшін ғана емес, тұтас бір елді мекеннің болашағы, ондағы тұрғындардың келешегіне негізделді. Мен Аққыр ауылдық округі әкімі қызметіне сайлансам, елді мекеннің гүлденіп өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайының дамуына зор үлесімді қосамын.

1. Биыл сәуір-мамыр айларында елді мекеннің 2 көшесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Сонымен қатар 3 көшенің күрделі жөндеу жұмыстарының кезең-кезеңімен жүргізілуіне жұмыс жасаймын және күтіп ұстауын қамтамасыз етемін.

2. Оңтүстік коллектор арнасынан елді мекенге аяқсу әкелу мақсатында жаңадан қазылатын канал арқылы аяқсу мәселесін ретке келтіремін.

3. Елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге баса назар аударып, әрбір отбасының мұң-мұқтажы мен ұсыныс-пікіріне көңіл бөліп, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешілуіне ықпал етемін.

4. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында жұмыссыздықты азайту үшін ауыл тұрғындарына мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз гранттар

және төмен пайызбен несие алуларына жұмыс жасап, шағын кәсіпкерлікті дамытуға күш саламын.

5. Ауылдық округте балалар тәрбиесіне, білім және денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласының дамуына ықпал етемін.

6. Бюджеттік салық түсімдерін қамтамасыз ету, тұрғындарға салық төлеу мәдениетін қалыптастыру және жаңа жұмыс орындарының ашылуына жұмыс жасаймын.

7. Мемлекеттік «Жасыл ел» бағдарламасы аясында ауылдық округте көркейт-көгалдандыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргіземін.

8. Ауылдық қоғамдастық жиыны мүшелері және ауыл ақсақалдарымен бірлесіп отырып, елді мекендегі мәселелердің оң шешілуіне жұмыс жасаймын.

9. Сонымен қатар уәсәкелі полициямен бірге қоғамдық тәртіптің сақталуы, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

Жалпы кез келген адамға туған жердің түлеуіне ташыдай болса да үлес қосу – азаматтық парыз. Бұл саяси науқан маған соны жүзеге асыруға берілген үлкен мүмкіндік деп білемін. Алдағы уақытта ауылдың гүлденуіне, ондағы халықтың тұрмыс сапасының артуына барлық қа-



рым-қабілетімді жұмсаймын. Ол үшін бірінші кезекте жергілікті тұрғындардың, сайлаушылардың қолдауы бәрінен маңызды. Сондықтан алдағы сайлауда жерлестерімді белсенді болуға шақырамын.

Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Изтелеуова Маржан Ардабековнаның 2025-2029 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Изтелеуова Маржан Ардабековна 1975 жылы 20 тамызда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Бұрынғы Калинин совхозында дүниеге келді. 1982 жылы Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 1992 жылы аяқтады. 1992 жылы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инжнерлері институтына түсіп, 1997 жылы Қызылорда политехникалық институтын «экономика-менеджер» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 2001 жылы «Бұқарбай батыр» атындағы өндірістік кооперативінде экономист болып бастадым.

2003-2004 жылдары «Бұқарбай батыр» атындағы өндірістік кооперативте бас экономист қызметін атқардым.

2004-2006 жылы «Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде хатшы-әлеуметтік қызметкер болдым.

2006-2010 жылдары іс-басқарушы қызметін атқардым.

2010-2013 жылы есепші болып қызмет атқардым.

2013-2023 жылы жетекші маман қызметін атқардым.

2023 жылдың 13 қаңтарынан бастап бас маман қызметін атқарып келемін.

Отбасылы, бір қыз, екі ұл тәрбиелеп отырмын. 2012 жылы «Нұр Отан» ХДП Жалағаш аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары С.М.Тәйтқовтың алғыс хатымен марапатталдым.

2019 жылы «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары А.Әлнәзарованың алғыс хатын алдым.

2020 жылы Жалағаш ауданы әкімінің алғыс хатымен марапатталдым.

2024 жылы да Жалағаш ауданы әкімінің алғыс хатын алдым.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Ауылдың инфрақұрылымының дамуына, абааттандырылуына, халық игілігіне қызмет ететін нысандардың уақытылы сапалы жөндеу жұмыстары мен күрделі жөндеу жұмыстарын жасауға, ауылды көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге жұмыс жасаймын.

2. Балаларға арналған спорт алаңдары мен мәдени нысандардың құрылысының салынуы да назарымда болады.

3. Халықтың тұрмыс сапасын, өмір сүру деңгейін көтеру үшін барлық жағдайдың жасалуын қолға аламын. Халықтың әлсіз топтары еңбек ардагерлеріне, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, мүгедек жандарға, мүгедек балаларға, жетім балаларға қолдау жасалуына ықпал етемін. Оның ішінде жетім балалар мен аз қамтылған отбасы балаларына арнап жазғы лагерь жолдамаларын алып беруге ықпал етемін.

4. Жол жарық адам өмірінің күрөтамыры десе де болады. Ауылдың ішкі көшелерін жарықтандыру, абааттандыру, көше-жолдарын асфальттау, жөнге келтіру мақсатында бюджеттен тиісті қаражат бөліп, құзырлы органдарға мәселе етіп қойып, орындауын қамтамасыз ету мақсатында табанды жұмыс жүргіземін.

5. Мен үшін әрбір тұрғының өмірі мен денсаулығын сақтау – басты міндеттерімнің бірі. Сондықтан ауылда денсаулық сақтау саласының да жақсаруына жұмыс жасаймын.



6. Ауылдағы мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын дамытуға үлес қосамын.

Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Қалдыбекова Самал Нағашыбекқызының 2025-2029 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мен Қалдыбекова Самал Нағашыбекқызы 1980 жылы 17 желтоқсанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келдім.

1987 жылдың 1 қыркүйегінде Мәдениет ауылындағы №32 орта мектептің табалдырығын аттап, аталған мектепті 1998 жылы өте жақсы бағамен аяқтадым.

1998 жылы Қызылорда гуманитарлық заң колледжінің «Құқықтану» факультетінің күндізгі бөліміне тапсырып, 2000 жылы «Заңгер» мамандығын алып, осы оқу орнын аяқтадым.

2013 жылы «Аламесек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-да жетекші маман болып жұмысқа орналастым.

2021 жылы бас маман лауазымына тағайындалдым.

Қазіргі уақытта жұмыс жасап жатырмын. Отбасылымын, жолдасым және 3 қыз, 1 ұлым бар.

Облыстық, аудандық шараларға қатысып, облыс әкімінің және аудан әкімінің алғыс хаттарын алып, жүлделі орындарды иелендім.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Халықтың әлеуетін арттыруда мемлекеттік саясатты негізге ала отырып, ауыл тұрғындарының сапалы өмір сүруіне жағдай жасау негізгі міндетім деп білемін.

2. Аққыр ауылында білім, денсаулық сақтау сынды сапалардың алға басуына жағдай жасап, олардың пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуын да назардан тыс қалдырмаймын.

3. Ауылда тұратын әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселесін шешуде ойда жүрген тың идеяларды жүзеге асырамын.

4. Ауылда уәсәкелі полиция қызметкері мен ардагерлермен бірлесіп отырып, қоғамдық тәртіптің сақталуын жүзеге асырамын.

5. Аққыр ауылында жұмыссыздық мәселесінің алдын алу үшін ауылда кәсіпкерлік саласының дамуына жағдай жасаймын. Бұл ретте ауыл тұрғындарының мемлекеттік бағдарламалармен кәсіп ашуына мүмкіндік жасаймын. Сондай-ақ қазіргі таңда кәсіпкерлік саласына қадам басқан жұмыссыз азаматтарға берілетін қай-

тарымсыз гранттарға ауыл тұрғындарының қол жеткізуіне бар қарым-қабілетімді жұмсай отырып, олардың өз жобаларын ауылда жүзеге асыруына бар жағдайды жасаймын.

6. Ауылда мал шаруашылығын дамытуға да, егін шаруашылығымен айналысатын дегендерге де бар мүмкіндік қарастырылған. Сол мүмкіндікті ауыл тұрғындарының тиімді пайдалануын қамтамасыз ете отырып, мал басын арттырып, егін шаруашылығында өндірілетін өнім көлемінде өсім қалыптастыруға күш саламын.

7. Ауылда жүргізіліп жатқан саяси, мәдени, әлеуметтік шараларды кеңінен насихаттауды күн тәртібінен түсірмей, ауыл халқымен бірлесіп отырып, өзекті мәселелердің шешімін табуына бар қарым-қабілетімді жұмсаймын.

8. Ауылда электр жарығы, ауыз суға, аяқсуға халықтың қолжетімділігін мейлінше қамтамасыз ете отырып, тұрғындардың барынша сапалы өмір сүруіне жағдай жасауды негізгі міндетім деп білемін.

9. Тұрғындар артқан сенім үдесінен шығу – негізгі мақсатым. Сондықтан ауылда басқа да мәселелердің шешімін табуға күш саламын. Бұл ретте жергілікті шаруашылықтарды



жұмылдыра отырып, бірқатар жобаны жүзеге асырамын.

10. Алдағы уақытта ауылдың болашағын жарқын етуге бар қарым-қабілетімді жұмсаймын.

Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

Сайлаушылардың назарына!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының Аққыр ауылдық округінің әкіміне кандидаттардың сайлаушылармен

КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

№ п/с	Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты	Кездесу өткізілетін орын	Кездесудің өткізілетін күні	Кездесудің өткізілетін уақыты
1	Изтелеуова Маржан Ардабековна	Аққыр ауылдық округі, Аққыр ауылы, Нұрылда Таспенев көшесі №4, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің №188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	04.03.2025 жыл	сағат 11:00
2	Қалдыбекова Самал Нағашыбекқызы			
3	Шынжыров Бауржан Серікұлы			

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

2025 жылы I тоқсанда Еңбек ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

п/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Балханов Бахытберген Мархабаевич	Еңбек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі сағ.10.00-12.00-ге дейін	Еңбек ауылы, Төлеген Дауытбаев көшесі №4	33-1-22

Рамазан – рухтың тазалығы

Оразада адам дене қалауларын тәрбиелеп, нәпсінің құлы болып кетуден өзін азат етеді. Ауызды астан ғана емес, жаман сөздерден, ғайбаттан тыйса, көзді харамға қараудан, құлақты харам нәрселерді естуден тыйады. Көп ұйқы мен көп тамақтану, адамның әлсіреуіне алып келеді. Тамақты қажетті мөлшерінен асырып жеу – адамның зейінін бұзады, ар-Рахманға бойұсынуда денені ауырлатып, адамдағы шайтанның жолдарын азықтандырады. Сондықтан ораза ұстаған адамның өрі денесі, өрі рухы тыйылады. Ол нәпсі азғыруына ермеңді және аштыққа шыдамды келеді. Ораза ұстағандар аштықтың не екенін біледі. Сондықтан ысырап етуден тартынады өрі аш-жалаңастарға көмектеседі. Адамдар ашкөзді болмайды және басқаның иелігіндегі заттарға көзін сүзбейді.

Ораза ұстаған адам Алла тағаланың бірегей өмірін орындағандықтан Жаратушының ризашылығын тауып, ерекше сыйлыққа ие болады. Алланың елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтты: «Ораза тұтушының екі қуанышы болады: бірі – аузын ашқанда, екіншісі – Жаратушысының алдына барғанда». Бірінші қуаныш – ақшам намазын хабарлап, азан айтылғанда болады. Ораза тұтушы күні бойы өзіне тыйым салынған нәрселердің барлығына рұқсат есігінің ашылғанын ұғынады.

Адам өзінің жаратылысында ішіп-жеуге, сынақ үшін берілген түрлі қызықтарға құмартуға бейім келеді. Сол себепті ораза ұстаушының қуанышында шек болмайды. Күні бойы ол нәпсісін тежеп, өзін-өзі Алла ризашылығы үшін өмірмен ғана аузын ашады. Екінші қуаныш – ол тілмен жеткізіп болмайтын, ақылмен сезініп білмейтін зор қуаныш. Ораза ұстаушының ол қуанышы қиямет маңында Алланың алдына барғанда, ол Жаратушы тарапынан өзін күткен ғажайып сыйлықты көреді. Хадис шәрифте былай айтылған: «Аса құдыретті ерекше ұлық Алла айтты: «Адам не істесе, Ораза ұстағандар аштықтан өз екенін басқасы. Ораза – маған. Оған сыйлықты өзім беремін». Осылайша Алла тағала оразаның Өзі мен пәндесінің арасындағы құпия бір сыр екенін мәлімдейді.

Рамазан айында ораза ұстаудың осы дүниеде де, ахиреттен де сауабы мол. Имам Бухариден риуаят болған Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерінің бірінде: «Жаннатта бір есік бар. Ол ар-Райхан деп аталады. Қиямет күні ол есіктен ораза ұстағандар кіреді. Олардан басқа ешкім кірмес. «Ораза ұстағандар қайда?» деп сұрағанда ораза ұстаушылар сол есіктің алдына жиналар, ораза ұстаушылар кіріп болған соң ол есік жабылады. Содан соң ешкім кіре алмайды», – делінген. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтты: Кімде-кім рамазан оразасын шын иман ықыласымен тұтса, оның бұрынғы істеген құнәлары кешіріледі.

Бұл айда мың айдан қадірлі Қадір түні бар. Ол түні Алла тағала адам баласының шын ықыласымен жасаған тілек-дұғаларын қабыл етеді. «Қадір» сүресінде: «Ангында біз Құранды Қадір түні түсірдік. Қадір түнінің не екенін білесің бе? Қадір түні – игілікте мың айдан артық. Сол түнде барлық істерді реттеу үшін (аспаңнан) періштелер және Жеберейіл (ғ.с.) түседі. Бұл түнде таң атқанша сәлем жалғасады. Аспаннан Алланың ирқы жер бетіне мейрім болып таралатын түні қамсыз ұшықтап жату бөлек мен рақымнан құр қалу болып табылады.

Ораза сабырлыққа, қиындыққа мойымауға, ерік-жігерімді шыңдауға үйретеді. Қолдағы бар игілікті қадірлі біліп, ысыраптан сақтануға шақырады. Оразаның сөнімге, мінез-құлқыма, денсаулыққа және әлеуметке пайдамы мол. Алла Елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ең көп істеген құлшылықтарының бірі – Раббымызға сүйікті – ораза. Ол рамазанның мәнін былай білдірген: «Адам баласының әр амалына еселеп сауап қайтарылады. Ізгі амалдарға ең аз дегенде он есесі жазылады. Бұл жеті жүз есеге дейін көтеріледі.

Алла Тағала ұстаған оразаларыңызды қабыл қылып, берімізді Райхан қақпасының алдында жиналауды жазсын! Рамазан иманымызға азық, нәпсімізге тәрбие, жүрегімізге шипа болуын нәсіп еткені.

Айбек МӘДИЕВ,
«Ар-Рахим» мешітінің имамы,
Басы 1-бетте

Жалағаш аудандық мәслихат төрағасының
2025 жылғы 24 қаңтардағы № 111-М
өкіміне қосымша

Жалағаш ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамы

Корганбаев Жұматай Серикбаевич – «Қызылорда Невада-Семей» қоғамдық бірлестігі Жалағаш аудандық филиалының төрағасы;

Асқарова Ханбиби – Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы қызметкерлері салалық кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің төрайымы;

Тауыпбаев Асылбек Тынарбаевич – «Маржан – 2002» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің директоры;

Құлмахан Қожатай Қожақұлы – Жалағаш кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы;

Ибраева Баян Турмаганбетовна – зейнеткер;

Қурақбаев Бозжан Тулеутаевич – «Ақсу ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мекемесінің технигі;

Аманов Умирбек Шамшиевич – «Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының өкімшілік шаруашылық жөніндегі орынбасары;

Дюсекбаев Гани Шаймерденович – Жалағаш аудандық мәслихатының депутаты;

Айдынбай Сейфулмәлік Қайырбекұлы – «Ұлы орда күші» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы;

Еспенбет Жасұлан Ердаулы – «Жалағаш ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы;

Жапбасбаев Қайрат Ғалиұлы – Жалағаш ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы;

Ахметжамиев Асхат Ғалымжанұлы – Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығының директоры.

Приложение к распоряжению
Председателя Жалағашского районного
маслихата от 24 февраля 2025 года № 111-М

Состав Общественного совета Жалағашского района

Корганбаев Жұматай Серикбаевич – Председатель Жалағашского районного филиала Общественного объединения «Қызылорда Невада-Семей»;

Асқарова Ханбиби – Председатель Общественного объединения Жалағашский районный отраслевой профсоюз работников сельского хозяйства;

Тауыпбаев Асылбек Тынарбаевич – Директор товарищества с ограниченной ответственностью «Маржан – 2002»;

Құлмахан Қожатай Қожақұлы – Председатель совета ветеранов поселка Жалағаш;

Ибраева Баян Турмаганбетовна – Пенсионер;

Қурақбаев Бозжан Тулеутаевич – Техник коммунального государственного казенного предприятия «Аксуский сельский клуб»;

Аманов Умирбек Шамшиевич – Заместитель по административному хозяйству коммунального государственного казенного предприятия «Дом Культуры имени К.Казантаева»;

Дюсекбаев Гани Шаймерденович – Депутат Жалағашского районного маслихата;

Айдынбай Сейфулмәлік Қайырбекұлы – Председатель Общественного объединения инвалидов «Ұлы Орда Күші»;

Еспенбет Жасұлан Ердаулы – Руководитель коммунального государственного учреждения «Отдел общественного развития Жалағашского района»;

Жапбасбаев Қайрат Ғалиұлы – Руководитель коммунального государственного учреждения «Отдел предпринимательства промышленности Жалағашского района»;

